

Экологиялық құқық

Экологиялық құқық



□ Экология құқығы түсінігі, экологиялық құқықтық қатынас және қайнар көздері КР-ның экологиялық құқығы — айналадағы табиғи ортаны қорғауда байланысты қозамдық қатынастарды реттейтін құқықтық ережелердің жиынтығын зерттейтін оқу пәні немесе ғылым саласы.





Экологиялық құқықтың мәні — бұл экологиялық-құқықтық нормалардың қолданылу саласында қалыптасатын тарихи тұрғыда қазіргі және болашақтағы үрпақтар мүдделері үшін қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында табиғи объектілерді сақтау, жақсарту, қалпына келтіру, тиімді пайдалану тұрғысында міндетті түрде мемлекеттің қатысусы жағдайында азаматтар мен ұйымдар арасындағы өндірістік қатынастармен байланысты болуы.



□ Экологиялық қатынастар дегеніміз — бұл объектісі табигат пен оның құрамындағы элементтер болып табылатын қатынастарды айтамыз.



□ Экологиялық құқықтың объектілері дегеніміз — айналадағы табиги ортаны құрайтын, адамның тіршілік қажеттіліктеріне жүмсалатын табиги ресурстар мен адамдардың экологиялық деңсаулығы мен өмірін айтамыз.

Экологиялық қатынастар субъектілеріне

Қазақстан
Республикасы,
 себебі біздің
мемлекетіміз
табиғат
ресурсарының
меншік иесі болып
табылады

Шетелдік
мемлекеттер
Қазақстанның
табиғат ресурстарын
пайдалану мәселелері
бойынша
экологиялық
қатынастардың
субъектілері болып
табылады,

**Занды
тұлғалар.**

**Жеке
тұлғалар.**



-
- Экология құқығының жүйесі әдістемелік жағынан екіге бөлінеді: жалпы бөлім және ерекше бөлім. Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінде экологиялық құқықтың мәселелері, табиғи ресурстардың жағдайын көрсететін қоғамдық қатынастар және бүкіл табиғат ресурстарына мемлекеттің менишік құқығы туралы мәселелер қаралады. Ал ерекше бөлімде табиғи ресурстарды қорғау және пайдаланудың мемлекеттік-құқықтық механизмі және табиғат объектілерінің жеке жағдайлары қаралады.



-
- *Қазақстан Республикасы*
екология құқықтарының
қайнар көздеріне – айналадағы
табиғи ортаны қорғау, оны
пайдалану, сапасын арттыру
және табиғи ресурстар
жөніндегі қозғамдық
қатынастарды реттейтін
нормативтік актілер
жатады. Кейбір нормативтік
актілер экологиялық
зандаудың құрамына кірмейі де
мүмкін.



-
- *Мысалы: Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі – экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауаптылықтарды реттейтін нормалардан тұрады, сондықтан ол экологиялық құқықтың қайнар көзіне жатады, бірақ экологиялық заңдылықтардың құрамына кірмейді, өйткені қылмыстық заңдардың құрамына кіреді, сол сияқты Азаматтық кодекс, Әкімшилік құқық бұзушылық туралы кодекстері де экология құқығының қайнар көздеріне жатады, бірақ экологиялық заңдардың құрамына кірмейді.*



□ Экология заңдарын бұзу дегеніміз — белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және табиғи ортаға зиян келтіретін заңға қайшы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік айтамыз. Экологиялық құқықтың бұзушылықтың обьектісіне айналадағы табиғи ортаны қорғау және сақтаумен байланысты қоғамдық қатынастар жатады.




Бұл қатынастар өзінің мазмұнына қарай табиғи ресурстарға менишік құқығын, таб пайдалану құқығы, айналадағы табиғи ортаны зиянды зардаптардан қорғау, экологиялық құқықты және адамдар мен азаматтардың заңды мүдделерін қорғау және т.б болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтың субъектісіне заңды, жеке тұлғалар, соның ішінде КР-сының аумағындағы құқық бұзған ел азаматтары және изаңды тұлғалары жетады



Экологиялық құқық бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік дегеніміз- мемлекет және оның органнаң заңының және заңдық тәртіптің сақталуы үшін, құқық бұзушыға қолданылатын мәжбүрлеу шараларын реттейтін құқық нормаларының жиынтығын айтамыз. Әкімшілік жауапкершілік әкімшілік-құқық бұзушылық туралы заңмен қарастырылған, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау болып табылады.

-
- Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлері «Әкімшилік құқық бұзушылық туралы” КР Кодексінің 19 тарауында «қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшилік құқық бұзушылық” берілген. Мұнда барлығы 67 құқық бұзушылықтың құрамы берілген. Тәртіптік жауапкершілік жұмыскерге өндіріс, мееме және ұйым әкімшиліктердің тәртіпті талап ету шараларын қолдану арқылы жузеге асырады.



Назарларыңызға рахметтер!!!
